



Автор: ОМАРОВА ЛЯЗЗАТ АКБАСОВНА

Пән: Жаратылыстану

Сынып: 3-сынып

Бөлім: Тірі табиғат. Жануарлар

Тақырып: Омыртқалы және омыртқасыз жануарлар

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	.2.2.1 - жануарларды омыртқалыларға және омыртқасыздарға жіктеу;
Сабақтың мақсаты:	Барлығы: - омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың құрылысының ерекшеліктерін сипаттай алады. Көпшілігі: омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың құрылысының ерекшеліктеріне мысалдар келтіреді. Кейбіреуі: омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың маңызын түсіндіреді.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар: жануарлардың тіршілік ортасына байланысты сұрақтарды талдайды, жануарларды сипаттайды, мәтінмен жұмыс істеу арқылы сөздік қорларын дамытады.
Күтілетін нәтиже:	Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың маңызын түсінеді.
Бағалау критерийлері:	Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың құрылысының ерекшеліктерін сипаттайды. Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың құрылысының ерекшеліктерін айыра біледі.
Құндылықтарды дарыту:	Пәндік терминология мен тірек сөздер: омыртқа, омыртқалы, омыртқасыз
АКТ-ны қолдану дағдылары:	презентация
Пәнаралық байланыс:	Қазақ тілі, дүниетану
Бастапқы білім:	-жануарлар мен өсімдіктердің ортақ белгілерін біледі; -жануар мен өсімдіктің өзара тәуелділігін түсінеді.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы (7мин)	Ұйымдастыру. Құтты қонақ келіпті, Төріме міне еніпті. Амандасу үлкенге, Тәрбиенің басы ғой. Ал,кәнеки бәріміз, Сәлем дейік үлкенге. Сәлеметсіздерме қонақтар. 4 топқа бөлу. 1-қосмекенділер, 2-құстар, 3- бунақденелілер, 4-жорғалаушылар. Үй тапсырмасын тексеру «Таза тақта»әдісі Әр дұрыс жауапқа бір жапырақтан беріледі. Жеңімпаз болып барлық сұраққа дұрыс жауап беріп, жапырақты көп жинаған топ саналады. 1.- Адам, жануарлар, өсімдіктер қандай табиғатқа жатады? - Тірі табиғат. 2.- Тірі табиғат иелерінің өмір сүруі үшін не керек? - Ауа, жылу, жарық, су, қорек. 3.-Жануарлардың қорегі не? -Өсімдіктер 4.-Тірі табиғат өзіне керектің бәрін қайдан алады? -Табиғаттан. 5.-Жануарлар мен құстардың өсімдіктерге қандай көмегі тиеді?Олар туралы не айтуға болады? -Өсімдіктер жануарлардың көмегімен тұқым таратады. 6.-Қандай өсімдіктер жел арқылы тарайды? -Үйеңке, бақ-бақ. 7.-Өсімдіктер фотосинтез үдерісі кезінде көмірқышқыл газды неге айналдырады? 8.-Бөріжөке қандай өсімдік? -Барлық мүшесі улы бұталы өсімдік. 9.-Өсімдік нені сіңіреді? -Күн өнергиясын. 10.-Қоректену арқылы жануарлар не алады? -Күш- қуат алады. Дескриптор: өсімдіктер мен жануарлар арасындағы өзара байланысты түсінеді. Сұрақтарға толық жауап береді жануарлар мен өсімдіктердің ортақ белгілерін анықтайды. ҚБ: От шашу арқылы бір-бірін бағалау.	
---------------------------------	---	--

Сабақтың ортасы (28мин)	Жаңа сабақ. Ой қозғау» әдісін қолданып, оқушыларға бейнеролик көрсету(мұндағы жануарлардың көптүрлілігіне тоқталу) Дұрыс айтасыңдар, жануарлар омыртқалы және омыртқасыз жануарлар болып бөлінеді екен. Омыртқалы жануардың омыртқасыз жануардан қандай айырмашылығы бар деп ойлайсыңдар? (Кейбір жануарларда омыртқа бар, ал кейбір жануарларда омыртқа жоқ).Дұрыс айтасыңдар. Ал омыртқадеген не? Қанекей бәріміз арқамызда орналасқан омыртқаларымыздыұстап көрейік. Сол сияқты кейбір жануарларда омыртқа бар, ал кейбірінде омыртқа жоқ болғандықтан омырталы және омыртқасыз жануарлар деп екіге бөлген. Омыртқа-сүйек пен бұлшықетті ұстап тұратын тірек. Жер бетінде жануарлардың түрлері өте көп. Ғалымдардың зерттеуі бойынша бойынша олардың 2 млн-дай түрі бар. Жануарлардың ішінде не бар екенін қалай білуге болады? Ренген сәулесі арқылы ішкі құрылысты көруге болатынын хабарлаймын. Балық пен қоңыздың ренгендік суретін салыстырайық. Жануарлардың ішінде не бар екенін қалай білуге болады? Ренген сәулесі арқылы ішкі құрылысты көруге болатынын хабарлаймын. Балық пен қоңыздың ренгендік суретін салыстырайық. Бұл жануарлардың ішкі құрылысында қандай айырмашылық бар? 5e32ad5266eb5432ad5f67d20.png Image not found or type unknown Оқушылардың жауаптарын тыңдау) Қандай қорытынды жасауға болады? - балық омыртқалы жануар, қоңыз омыртқасыз жануар Сабақтың мақсаты мен тақырыбын хабарлау. Жануарлар мынадай топқа бөлінеді. Құстар Қосмекенділер Бунақденелілер Сүтқоректілер Жорғалаушылар Балықтар Сергіту сәті. «Бұл қай жануар» ойыны. Топтық жұмыс: Тапсырма Жануарлардың суреттеріне мұқият қара. Сүтқоректілер тобы Құстар тобы Омыртқалылар тобы Омыртқасыздар тобы Дескриптор: - омыртқалы жануарларды анықтайды; - омыртқасыз жануарларды анықтайды. - сүтқоректілерді анықтайды - құстарды анықтайды - маңызды ақпаратты айтады ҚБ «От шашу» арқылы Оқушыларды ширату жаттығу: «Жалған-ақиқат» әдісі -Бақа жорғалаушы ? (қосмекенді) -Адам қосмекенді ? (сүтқоректі) -Жылан жорғалаушы ? (жорғалаушы) -Пингвин сүтқоректі ? (құс) -Дильфин балық ? (Сүтқоректі) -Түйеқұс құс ? (құс) -Касатка сүтқоректі? (сүтқоректі) -Арыстан жорғалаушы? (аң) ҚБ «От шашу» арқылы	Бейнеролик https://youtu.be/wln1RKdz-rU Ресурс таратып беру: ватман, маркер, түрлі-түсті фломастерлер, қима суреттер.
------------------------------------	--	--

Сабақтың соңы (3мин)	Жұптық жұмыс: Тапсырма: топтармен жануарларды сәйкестендіру 5e32b1bb9d56a.png Image not found or type unknown	
Рефлексия (2минут)	Үйге тапсырма:бет 34-35 оқу. Жануарлар тақырыбында сөзжұмбақ құрастыру. 5692b2014232142c1c25b32bb814a25.png Image not found or type unknown	